



010000, Астанақаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

03.07.2024 № 2-01-24-53468

№07706/12 от 10.06.2024г.

Қазақстан кәсіпкерлерінің
құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілі
Қ.І. Нуровқа
Қабанбай батыра даңғылы, 19
блок Б, 6 қабат
Астана қ., 010000

Құрметті Қанат Ілияұлы!

Бас прокуратура Л. Коккозованың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің заңсыз қылмыстық қудалауы туралы бейне үндеуіне қатысты Сіздің жолданымыңызды қарады.

18.06.2024ж. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бұрынғы туризм және спорт вице-министрі Е.Қожағапановқа және «Success K» ЖШС-ның бас директоры Л. Коккозоваға қатысты сотқа дейінгі іс жүргізудің тергеп-тексеру аяқталғаны туралы жариялағанын хабарлаймын.

Олар Петропавл қ. Қазақстан мен Ресей арасындағы XV-ші аймақаралық ынтымақтастық форумы барысында лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалануда және оны өткізуге бөлінген қаражатты жымқыруда күдікті деп танылды.

Аталған тұлғалардың заңсыз әрекеттерімен мемлекетке 1,04 млрд теңге шығын келтірілген.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне тіркеудің заңдылығы тексерілді, бұзушылықтарға жол берілген, тіркеу қылмыстық-процестік заңнама талаптарына сәйкес келеді (ҚПК және Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидалары).

Е.Қожағапановқа және Л.Коккозоваға тағылған айып ҚПК-нің 204, 206, 207-баптарының талаптарына сәйкес келеді және іс бойынша жиналған дәлелдемелермен расталады.

Қазіргі уақытта сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталып, іс материалдары қылмыстық процеске қатысушыларға таныстыру үшін жіберілді.

ҚПК-нің 294-бабының 1-бөлігіне сәйкес олар қосымша тергеу әрекеттерін жүргізу немесе өзге де процестік шешімдер қабылдау туралы өтінішхаттар беруге құқылы.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Л.Коккозоваға қатысты қылмыстық іс материалдарын талқылауға негіз жоқ.

**Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің
заңдылығын қадағалау және
қылмыстық қудалау қызметі
бастығының орынбасары**

Е. Қилымжанов

орынд. О.В. Югай
тел.71-26-42